



Бекітемін:  
"Қарлығаш" бөбекжай-баалабақшасының  
менгерушісі: *Г.К.Мурзабаева* Г.К.Мурзабаева

**Мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың  
2025-2026 оқу жылына арналған  
"Балапан" кіші тобының перспективалық  
жоспары.**

**2025 - 2026 оқу жылына арналған  
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Мектепке дейінгі ұйым (білім беру ұйымының атауы)

«Қарлығаш»бөбекжай балабақшасы.

Топ: «Балапан» кіші топ

Балалардың жасы:2 жастағы балалар

Қандай кезеңге жасалды (айды, жылды көрсету): қыркүйек, 2025-2026 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Дене тәрбиесі	<p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b> Бұрылу (оңға-солға), қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу, қолды шапалақтау; қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру, оларды бүгіп, жазу, саусақтарын ашып жұму; тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып), еденде отырған қалпында, таяныштан ұстап отырып аяқтың ұшымен тұру, алға, жанына, артқа қадам жасау, аяқты алға, өкшеге қою; табандарды бүгу (жазу), қатарында тұрған – отырған адамға қолындағы затты бере отырып, тұлғасын оңға-солға бұру, шалқасынан жатқан қалыпта қолдары мен аяқтарын бірдей қимылдатып, аяқтарын көтеру және түсіру, арқасынан бүйіріне, ішіне және кері қарай аударылу, алға, жан-жағына қарай еңкею.</p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b></p> <p>1) педагогтің артынан жүру, жұптасып жүру, шеңбер бойымен қол ұстасып жүру, қарқынды өзгерте отырып жүру, бағытты өзгерте отырып жүру, жүруден жүгіруге ауысу, бағдар бойынша жүру (кілемнің бойымен, жіпке дейін), кедергілерден аттап жүру. Ұзындығы 2,5-2 м, ені 25 см (2 жаста), 20 см (3 жаста) тақтай бойымен жүру, жіптен немесе таяқтан аттап өту;</p> <p>2) бірқалыпты жүгіру, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен шеңбер бойынша, аяқтың ұшымен, белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі (20м дейін), шағын топқа</p>

бөлініп және бүкіл топпен, бағытты өзгертіп, 30-40 сек бойына үзіліссіз жүгіру, жүруден жүгіруге және керісінше ауысу;

- 3) секіру. Бір орында тұрып екі аяқтап секіру, алға қарай ұмтыла екі аяқтап секіртпемен, лентамен еденде 10-20 см қашықта (2 арқаннан тұратын жолақ арқылы) жатқан арқаннан секіру; 10-15 см биіктен секіру;

еңбектеу, өрмелеу. Кедергілі жазықтың бетімен, еңіс тақтайдың үстімен, жол бойымен,

әртүрлі заттардың: доғаның, орындық, үстел, арқанның астымен нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу. Ауданы 50 x 50 см, биіктігі 10 см мінбеге өрмелеу;

- 5) лақтыру, қағып алу, дәлдеп лақтыру. Екі қолмен 1-1,25 м арақашықтықтағы (көлденең) нысанаға (кеуде тұсынан, төменнен, жоғарыдан (қағып алмай), баланың көзінің және кеудесінің тұсынан әртүрлі заттардың астымен 0,5-1,5 м арақашықтыққа доптарды домалату, доптарды бір-біріне домалату;

- б) тепе-теңдік сақтау. Жиіктері шектелген тура жолақпен (ені 20-25 см, ұзындығы 2-2,5 м) гимнастикалық орындықтың үстімен жүру, заттарға шығу (гимнастикалық орындыққа, жұмсақ модульге және тағы басқа), тұру, қолын жоғары көтеру, түсу; заттардан ( биіктігі 10-15см), шеңберден шеңберге аттау; төрттағандап тақтаның үстімен 20 см арақашықтықта орналасқан бірнеше кедергіден (ленталардан, текшелерден және тағы басқа) аттау, орнында баяу айналу.

### **Спорттық жаттығулар:**

велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедке отырғызу, ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсіру, ересектердің көмегімен және өзбетімен рөлді басқару;

### **Мәдени-гигиеналық дағдылар.**

Мәдени-гигиеналық ережелерді орындау білімін бекіту.

		<p>Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше, ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.</p>
	<p>Тіл дамыту</p>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b></p> <p>Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін, сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету. Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету.</p> <p><b>Сөздік қорды қалыптастыру.</b></p> <p>Ойыншық, киім, аяқкиім, ыдыс, жиһаз, көгөніс пен жеміс, үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен;</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b></p> <p>Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануға, сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыру, сөз тіркестерін құра білуге (сын есім + зат есім, зат есім + етістік), сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b></p> <p>Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұлрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) ертегілер мазмұндары, кейіпкерлер жайында сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету.</p>

көркем әдебиет	<p><b>Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу.</b></p> <p>Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету.</p> <p><b>Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру.</b></p> <p>Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру.</p>
Сенсорика	<p>Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту</p> <p><b>Геометриялық пішіндер:</b> көлемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды;</p> <p>Түрлі көлемдегі геометриялық пішіндерді негізгі түсі, әртүрлі көлемі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.</p>
Қоршаған әлеммен таныстыру	<p><b>Бала,оның отбасы, үйі.</b></p> <p>"Мен" бейнесі. Есімін атағанда жауап беру, өзін айнадан және фотосуреттерден тану.</p> <p><b>Заттық әлем.</b></p> <p>Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану.</p> <p><b>Көліктер.</b></p>

		<p>Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру</p> <p><b>Еңбек баулу.</b> Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру</p> <p><b>Адамгершілік тәрбиесі.</b> Балалардың жалпы қабылданған моральдық-адамгершілік нормалар мен құндылықтарды меңгеруіне ықпал ету. Дәрекілікке, сараңдыққа теріс көзқарас қалыптастыру; басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу.</p> <p><b>Табиғат әлемі.</b> Балалардың табиғат пен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Қоршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыру. Сыртқы белгілері бойынша көгөністер (қызанақ, қияр, картоп) мен жемістерді (алма, алмұрт) ажырату.</p>
Сурет салу		Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту.
Мүсіндеу		Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру.
Жапсыру		Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету.

	Құрастыру	Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру.
	Музыка	<p><b>Музыка.</b> Музыкаға деген қызығушылықты ояту.</p> <p><b>Музыка тыңдау.</b> музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу.</p> <p><b>Ән айту.</b> Ересекпен қосылып ән айту.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</b> Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату, жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу; денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу.</p>

Мектепке дейінгі ұйым (білім беру ұйымының атауы)

«Қарлығаш» бөбекжайы балабақшасы

Топ: «Балапан» кіші топ

Балалардың жасы: 2 жастағы балалар

Қандай кезеңге жасалды (айды, жылды көрсету): қазан, 2025-2026 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қазан	Дене тәрбиесі	<p><b>Негізгі қимылдар:</b></p> <ol style="list-style-type: none"><li>1) Жүру. Өртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен жүру.</li><li>2) Тепе-теңдік сақтау жаттығулары: Тура жолмен тепе-теңдік сақтау жаттығуын орыдау.</li><li>3) Жүгіру. Бірқалыпты, шашырап, берілген бағытта жүгіру</li><li>4) Еңбектеу, өрмелеу: Шектеулі жазықтықтың, көлбеу тақтайдың бойымен еңбектеу.</li><li>5) Домалату, лақтыру: Екі қолмен, допты домалату.</li><li>6) Секіру: Бір орында тұрып секіру.</li></ol> <p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b></p> <ol style="list-style-type: none"><li>1) қол мен иыққа арналған жаттығулар; Қолдың білектерін, иық белдеулерінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.</li><li>2) Аяққа арналған жаттығулар; Еденде отырып, аяқтарды кезекпен бұғу және жазу.</li></ol> <p><b>Қимылды ойындар:</b> Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру.</p> <p><b>Спорттық жаттығулар:</b></p> <p>Велосипед тебу: үш дөңгелекті велосипедке отыру</p> <p><b>Дербес қимыл белсенділігі.</b></p> <p>Ересектің бақылауы</p> <p><b>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.</b></p>

	<p>Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру.</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.</b></p> <p>Жыл бойы медицина қызметкерінің жетекшілігімен балалардың денсаулығы мен жергілікті жағдайлар ескерілуі</p>
Тіл дамыту	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b></p> <p>Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау.</p> <p><b>Сөздік қорды қалыптастыру.</b></p> <p>заттардың түсін, көлемін, пішінін, дәмін білдіретін сын есімдермен байыту.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b></p> <p>Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануға үйрет</p> <p>Байланыстырып сөйлеу.</p> <p>Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) жауап беруге үйрету. Балалардың жастарына сәйкес көркем шығарма оқу</p>
көркем әдебиет	<p>Оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдау.</p>
Сенсорика	<p>Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру.</p>
Қоршаған әлеммен	<p><b>Бала, оның отбасы, үйі.</b></p>

таныстыру		<p>"Мен" бейнесі. Есімін атағанда жауап беру</p> <p><b>Заттық әлем.</b></p> <p>Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану.</p> <p><b>Көлік:</b></p> <p>Көліктер,көше,жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру</p> <p><b>Еңбекке баулу.</b></p> <p>Ересектерге көмектесу ниетін қолдау.</p> <p><b>Адамгершілік тәрбиесі.</b></p> <p>Ата-аналарын сыйлауға баулу.</p> <p><b>Табиғат әлемі.</b></p> <p>Балалардың табиғат пен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Қоршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыру. Сыртқы белгілері бойынша көгөністер (қызанақ, қияр, картоп) мен жемістерді (алма, алмұрт) ажырату.</p>
Сурет салу		Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту.
Мүсіндеу		Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету.
Жапсыру		Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз)

	үйрету.
Құрастыру	Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру.
Музыка	<p><b>Музыка тыңдау.</b></p> <p>Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру</p> <p><b>Ән айту.</b></p> <p>Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</b></p> <p>Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру.</p>

Мектепке дейінгі ұйым (білім беру ұйымының атауы)

«Қарлығаш»бөбекжай\_\_балабақшасы.

Топ: «Балапан» кіші топ

Балалардың жасы: 2 жастағы балалар

Қандай кезеңге жасалды (айды, жылды көрсету): қараша, 2025-2026 оқу

жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қараша	Дене тәрбиесі	<p><b>Негізгі қимылдар:</b></p> <ol style="list-style-type: none"><li>1) Жүру.қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап жүру.</li><li>2) Тепе-теңдік сақтау жаттығулары: сызықтармен шектелген (ені 20-25 сантиметр, ұзындығы 2-2,5 метр) жіптің бойымен тепе –теңдік сақтау.</li><li>3) Жүгіру.Әртүрлі қарқынмен жүгіру.</li><li>4) Еңбектеу,өрмелеу:Гимнастикалық скамейканың астынан ,үстінен еңбектеп өту.</li><li>5)Домалату,лақтыру:Әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта лақтыру</li></ol> <p>б)Секіру:Қос аяқпен секіру</p> <p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b></p> <ol style="list-style-type: none"><li>1) қол мен иыққа арналған жаттығулар; Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру; қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазу.</li><li>2) Аяққа арналған жаттығулар; Шалқасынан жатқан қалыпта аяқтарын көтеру және түсіру.</li></ol> <p><b>Қимылды ойындар</b></p> <p>Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға</p>

		<p>ықпал етеу</p> <p><b>Спорттық жаттығулар.</b></p> <p>ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге</p> <p><b>Дербес қимыл белсенділігі.</b></p> <p>Ересектің бақылауы</p> <p><b>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.</b></p> <p>Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек), киіміндегі олқылықты байқау</p> <p><b>Сауықтыру -шынықтыру шаралары:</b></p> <p>Табиғи факторлар: ауа,күн, суды пайдалана отырып,шынықтыру шараларын кешенін жүзеге асыру</p>
Тіл дамыту		<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b></p> <p>Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара</p> <p><b>Сөздік қорды қалыптастыру.</b></p> <p>Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, балаларды бесікпен таныстыру, қуыршақты бесікке бөлеп, бесік жырын айтып отырып ойнату арқылы балаларды қамқорлыққа баулу.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b></p> <p>Сөз тіркестерін құра білуге (сын есім + зат есім, зат есім + етістік), сөздердің дұрыс айтылуын ,жетілдіру.</p>

		<p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b></p> <p>Неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге, үйрету. Оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдау.</p>
	көркем әдебиет	<p>Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару</p> <p>Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту.</p>
	Сенсорика	Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыру.
	Қоршаған әлеммен таныстыру	<p><b>Бала, оның отбасы, үйі.</b></p> <p>өзін айнадан және фотосуреттерден тану.</p> <p><b>Заттық әлем.</b></p> <p>Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді</p> <p><b>Көлік:</b></p> <p>Көліктер,көше,жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру</p> <p><b>Еңбекке баулу.</b></p>

	<p>(тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады) үйрету.</p> <p><b>Адамгершілік тәрбиесі.</b></p> <p>Әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу.</p> <p><b>Табиғат әлемі.</b></p> <p>"Дұрыс", "дұрыс емес", "қауіпті" түсініктерімен, серуенде және сумен, құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерімен (лас суды ішпеу, құмды шашпау, тастарды лақтырмау) таныстыру, өсімдіктер мен жануарларға сүйіспеншілік таныту және қамқорлық жасау.</p>
Сурет салу	Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу
Мүсіндеу	Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу.
Жапсыру	Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу
Құрастыру	Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру.
Музыка	<p>Музыка тыңдау.</p> <p>Баяу және көтеріңкі дыбысты, музыкалық шығармалардың сипатын (баяу және көңілді әндер) ажырата білу.</p> <p>«Күзгі жапырақтар» Н.Вересокина; «Менің құлыншағым» А. Гречанинова; «Ойыншықтар» Г.Абдрахманова; «Қасқыр» Д.Ботбаев.</p> <p>Ән айту.</p> <p>Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу.</p>

	<p>«Күз жомарт» Д.Ботбаев; «Ойыншықтар» Г.Абдрахманова; «Ойыншықтар» Г.Абдрахманова;«Қасқыр» Д.Ботбаев.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</p> <p>Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату, жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу; денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу.</p> <p>«Күзгі ән» (Ан. Александрова, «Сылдырмақтармен би» (белорус. халық әуені); «Марш» Е.Тиличиева, «Иә–иә–иә» Е.Тиличиева.</p>
--	--

Мектепке дейінгі ұйым (білім беру ұйымының атауы)

«Қарлығаш»бөбекжай\_\_балабақшасы.

Топ: «Балапан» кіші топ

Балалардың жасы: 2 жастағы балалар

Қандай кезеңге жасалды (айды, жылды көрсету): желтоқсан, 2025-2026 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Желтоқсан	Дене тәрбиесі	<p><b>Негізгі қимылдар:</b></p> <ol style="list-style-type: none"><li>1) Жүру. Бір-бірінің қолдарын ұстап жүру.</li><li>2) Тепе-теңдік сақтау жаттығулары: Гимнастикалық скамейкаға мініп тепе-теңдік сақтау жаттығуын орындау.</li><li>3) Жүгіру. заттардың арасымен, аяқтың ұшымен жүгіру.</li><li>4) Еңбектеу, өрмелеу: Өртүрлі заттардың арасынан еңбектеп өту. 5) Домалату, лақтыру: 0,5-1,5 метр арақашықтықтағы нысанаға лақтыру.</li></ol> <p>6) Секіру: Затқа дейін (10-15 сантиметрлік) секіруге үйрету</p> <p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b></p> <ol style="list-style-type: none"><li>1) қол мен иыққа арналған жаттығулар; Қолды артқа қою; оларды бүгіп, жазу.</li><li>2) Аяққа арналған жаттығулар; Тізерлеп тұрып, өкшеге отыру және тұру.. қолды шапалақтау, қолдарды алға-артқа сермеу, саусақтарды бүгу және ашу. <b>Қимылды ойындар.</b></li></ol> <p>негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру.</p> <p><b>Спорттық жаттығулар.</b> Шанамен сырғанау: шанаға отыру <b>Дербес қимыл белсенділігі.</b></p> <p>Ересектің бақылауы мен ойын әрекетін орындау.</p> <p><b>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.</b></p> <p>Өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру</p>

		<p><b>сауықтыру-шынықтыру шаралары:</b></p> <p>Балалады топта жеңіл киінуге үйрету</p>
Тіл дамыту		<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b></p> <p>Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ет</p> <p><b>Балалардың сөздік қорын:</b>  Меңгерілген сөздерді ауызша сөйлеуде өз бетінше қолдануға ықпал ету.</p>
көркем әдебиет		<p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b>  Сын есімі зат есіммен ,етістіктің өткен шағымен байланыстыру</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b> өз ойын айтуға үйрету.</p> <p>Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру.</p>
Сенсорика		<p>Түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын</p> <p>Ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атау.</p>
Қоршаған әлеммен таныстыру		<p><b>Бала, оның отбасы, үйі.</b></p> <p>Өзінің есімін және жасын атау, үйін және пәтерін тану</p> <p><b>Заттық әлем.</b></p> <p>(допты домалату, машинаны итеру, куыршақты жатқызу, пирамиданы және бөлшектеу, бір текшені екіншісіне қою) орындауға баулу.</p>

	<p><b>Көлік:</b></p> <p>Көліктер,көше,жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру</p> <p><b>Еңбекке баулу.</b></p> <p>(тәрбиешінің көмекшісі тамақ әкеледі) үйрету</p> <p><b>Адамгершілік тәрбиесі.</b></p> <p>Ненің "дұрыс" немесе "дұрыс емес", "жақсы" немесе "жаман" екені туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру.</p> <p><b>Табиғат әлемі.</b></p> <p>Табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру: қар, жаңбыр, жел.</p>
Сурет салу	Дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу.
Мүсіндеу	Біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеуді үйрету.
Жапсыру	Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету.
Құрастыру	Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру
Музыка	<p><b>Музыка тыңдау.</b></p> <p>Баяу және көтеріңкі дыбысты, музыкалық шығармалардың сипатын (баяу және көңілді әндер) ажырата білу.</p>

		<p>«Ақшақарлар вальсі» Т. Ломова; «Елтаңбасы елімнің» Д.Омаров; «Аяз ата» А.Филиппенко; «Шырша» Т. Потапенко.</p> <p>Ән тыңдау.</p> <p>Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу.</p> <p>«Қыс әні» К.Қуатбаев; «Ақша қар» К.Қуатбаев; «Жасыл шырша жанында» К.Қуатбаев; «Билейміз Аяз атамен» Г. Абдрахманова.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</p> <p>Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату, жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу; денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу.</p> <p>«Қысқы жол» В. Ковалько; «Ақшақарлармен би» М. Старокадомский; «Шыршадағы аңдар» Г. Вихарев; «Шамдар» А. Матлина.</p>
--	--	---

Мектепке дейінгі ұйым (білім беру ұйымының атауы)

«Қарлығаш» бөбекжай-балабақшасы.

Топ: «Балапан» кіші топ

Балалардың жасы: 2 жастағы балалар

Қандай кезеңге жасалды (айды, жылды көрсету): қаңтар, 2025-2026 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қаңтар	Дене тәрбиесі	<p><b>Жүгіру.</b> Бірқалыпты, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен, аяқтың ұшымен, белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі (20 метр дейін) шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру; бағытты өзгертіп, шашырап, 30-40 секунд бойына тоқтамай жүгіру, жүруден жүгіруге және керісінше ауысу.</p> <p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b> Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, оңға-солға бұрылу. Алға және екі жаққа еңкею. Еденде отырып, аяқтарды кезекпен бұғу және жазу. Шалқасынан жатқан қалыпта аяқтарын көтеру және түсіру. Тізерлеп тұрып, өкшеге отыру және тұру.</p> <p><b>Қимылды ойындар.</b> Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбандап жүру)</p> <p><b>Спорттық жаттығулар.</b> төбешіктен сырғанауға, шананы жібінен сүйретуге үйрету</p>

	<p><b>Дербес қимыл белсенділігі.</b></p> <p>қимыл белсенділігіне жағымды эмоциясын білдіру</p> <p><b>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.</b></p> <p>белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары</b></p> <p>Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.</p>
Тіл дамыту	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> сөйлеу кезінде тыныс алу</p> <p><b>Балалардың сөздік қорын:</b></p> <p>Көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен;</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b></p> <p>Сөз тіркестерін құра білуге (сын есім + зат есім, зат есім + етістік) үйрету</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b></p> <p>Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау. Балалар педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру.</p>
көркем әдебиет	<p>Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу.</p>
Сенсорика	<p>Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды</p>
Қоршаған әлеммен таныстыру	<p><b>Бала, оның отбасы, үйі.</b></p> <p>Өзінің есімін және жасын атау, үйін және пәтерін тану, отбасы мүшелерінің аттарын атау.</p> <p><b>Заттық әлем.</b></p>

		<p>Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану.</p> <p>Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (допты домалату, машинаны итеру, қуыршақты жатқызу, пирамиданы жинау және бөлшектеу, бір текшені екіншісіне қою) орындауға баулу.</p> <p><b>Еңбекке баулу.</b></p> <p>Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады) үйрету. Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару.</p> <p>Ересектерге көмектесу ниетін қолдау.</p> <p><b>Адамгершілік тәрбиесі.</b></p> <p>Балалардың жалпы қабылданған моральдық-адамгершілік нормалар мен құндылықтарды меңгеруіне ықпал ету.</p> <p>Дәрекілікке, сарандыққа теріс көзқарас қалыптастыру; басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екені туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру.</p> <p><b>Табиғат әлемі.</b></p> <p>Аулаға ұшып келетін құстарды (торғай, көгершін, қарға), үй құстарын (тауық, қаз, үйрек), маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылау.</p>
Сурет салу		<p>Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға, құмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру.</p>
Мүсіндеу		<p>Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені, тостағанды, табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен</p>

	басып, тереңдету
Жапсыру	Фланелеграфта геометриялық фигураларды доптарды, шарларды, гүлдерді орналастыру
Құрастыру	Кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды (күм, су, тас) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру.
Музыка	<p><b>Музыка тыңдау.</b></p> <p>Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажырата білу, әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу.</p> <p>«Бесік жыры» Е. Тиличеева; «Машенька–Маша» С. Невельштейн; «Көжегім, жүре ғой» (халық әуені); «Қыс әже» (халық әуені).</p> <p>Ән тыңдау.</p> <p>Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу.</p> <p>«Қыс әні» К.Қуатбаев; «Ақша қар» К.Қуатбаев; «Сұр көжек» К.Қуатбаев; «Торғай әні» Н.Әлімқұлов.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</p> <p>Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып ұшқан құстар), ойындар мен әндерді сахналау.</p> <p>«Сергек адым» В. Герчек; «Ақшақарлармен би» Н. Зарецкая; «Билейік» Т. Ломова; «Көжектер полькасы» А. Филиппенко.</p>

Мектепке дейінгі ұйым (білім беру ұйымының атауы)

«Қарлығаш»бөбекжай\_\_балабақшасы.

Топ: «Балапан» кіші топ

Балалардың жасы: 2 жастағы балалар

Қандай кезеңге жасалды (айды, жылды көрсету): ақпан, 2025-2026 оқу

жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Ақпан	Дене тәрбиесі	<p><b>Негізгі қимылдар:</b></p> <ol style="list-style-type: none"><li>1) Жүру.Шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып жүру.</li><li>2) Тепе-теңдік сақтау жаттығулары: қолдарын жоғары көтеру, түсу; заттардан (биіктігі 10-15 сантиметр) ұстап тепе-теңдік сақтай отырып жаттығуларды орындау.</li><li>3) Жүгіру. шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру.</li><li>4) Еңбектеу,өрмелеу: гимнастикалық орындық үстінен алақанмен,тізені тіреп еңбектеу.</li><li>5)Домалату,лақтыру:Түрлі заттардың астынан доты лақтыру.</li></ol> <p>б)Секіру: Еденде жатқан секіргіштен тепе-теңдік сақтай отырып секіру.</p> <p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b></p> <ol style="list-style-type: none"><li>1) қол мен иыққа арналған жаттығулар; саусақтарды бүгу және ашу жаттығуларын орындау.</li><li>2) Аяққа арналған жаттығулар;Бастапқы қалыпты тұрып ,сол(оң) аяқтың тізесін «заттан ұстап)бүгу.</li></ol> <p><b>Қимылды ойындар.</b>кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету</p> <p><b>Спорттық жаттығулар.</b></p>



Сенсорика	Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атау.
Қоршаған әлеммен таныстыру	<p><b>Бала, оның отбасы, үйі.</b></p> <p>Баланың жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал ету</p> <p><b>Заттық әлем</b></p> <p>Екі қолмен бір уақытта заттармен әрекет ету.</p> <p><b>Көлік:</b></p> <p>Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру</p> <p><b>Еңбекке баулу.</b></p> <p>Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару.</p> <p><b>Адамгершілік тәрбиесі.</b></p> <p>басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға үйрету</p> <p><b>Табиғат әлемі.</b></p> <p>Өлі табиғат (жылы, суық су, құрғақ, ылғал құм, домалақ, қатты тас, суық қар) және олармен әрекет ету түрлері (су құю, құм тасу, төгу, жинау, мүсіндеу, қарды домалату, тасты жинау, қалау) туралы түсініктерді қалыптастыру, олармен ойнау және эксперимент жасау.</p>
Сурет салу	Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды умаждамау, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасау.
Мүсіндеу	Кесектерді біріктіру, қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат) мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табу.

Жапсыру	Кесектерді біріктіру, қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат) мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табу.	
Құрастыру	Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау.	
Музыка	<p><b>Музыка тыңдау.</b></p> <p>Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау.</p> <p>«Қайсы екен?» Б.Дәлденбай; «Ұшқыш» Б.Дәлденбай; «Доп» Т.Ломова.</p> <p>Өн тыңдау.</p> <p>Өнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу.</p> <p>«Қошақаным қайда екен?» Ә.Бейсеуов; «Кәне, қызық ойын бар» Қ.Шілдебаев; "Дос болайық бәріміз" И.Нүсіпбаев; «Бесік жыры» Ж.Тұрсынбаев.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</p> <p>Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту.</p> <p>«Жәй және жылдам» Е.Хасанғалиев; «Қуыршақпен би» А. Ануфриева; «Биге шақыру» А.Тоқсанбаев; «Топ–топ балақан» М.Арынбаев; «Орамалдармен би» Е.Тиличиева.</p>	

Мектепке дейінгі ұйым (білім беру ұйымының атауы)

«Қарлығаш»\_бөбекжай\_ балабақшасы.

Топ: «Балапан» кіші топ

Балалардың жасы: 2 жастағы балалар

Қандай кезеңге жасалды (айды, жылды көрсету): наурыз, 2025-2026 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Наурыз	Дене тәрбиесі	<p><b>Негізгі қимылдар:</b></p> <ol style="list-style-type: none"><li>1) Жүру. Белгі бойынша тоқтай отырып жүру.</li><li>2) Тепе-теңдік сақтау жаттығулары: құрсаудан құрсауға аттап өтуде тепе-теңдік сақтау.</li><li>3) Жүгіру. Бағытты өзгертіп, шашырап жүгіру.</li><li>4) Еңбектеу, өрмелеу: Биіктігі 10 сантиметр болатын арқан астынан еңбектеп өту.</li><li>5) Домалату, лақтыру: 0,5-1,5 метр арақашықтықта доптарды домалату.</li></ol> <p>6) Секіру: Лентадан (қатар қойылған 2 арқаннан) аттап секіруге үйрету.</p> <p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b></p> <ol style="list-style-type: none"><li>1) қол мен иыққа арналған жаттығулар; Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп оңға-солға бұрылу..</li><li>2) Аяққа арналған жаттығулар; Таяныштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып тартылу.</li></ol> <p><b>Қимылды ойындар.</b> қоян сияқты секіру <b>Спорттық жаттығулар.</b></p> <p>ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету.</p> <p><b>Дербес қимыл белсенділігі:</b></p> <p>бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу.</p>

	<p><b>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.</b></p> <p>Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.</b></p> <p>жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу.</p>
Тіл дамыту және көркем әдебиет	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Сөйлеу қарқынын меңгерту</p> <p><b>Балалардың сөздік қорын:</b> Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, балаларды бесікпен таныстыру</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын үйрету</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тындауға үйрету.</p>
	<p>Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру.</p>
Сенсорика	<p>Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру</p>
Қоршаған әлеммен таныстыру	<p><b>Бала, оның отбасы, үйі.</b></p> <p>Баланың мүдделеріне, қажеттіліктеріне, қалауына қарай орындауға баулу.</p> <p><b>Заттық әлем.</b></p> <p>баланың бақылауы мен түсінуіне үйрету</p>

	<p><b>Көлік:</b></p> <p>Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру</p> <p><b>Еңбекке баулу.</b></p> <p>Ересектердің еңбегін бақылауға баулу</p> <p><b>Адамгершілік тәрбиесі.</b></p> <p>(жанашырлық, қамқорлық таныту).</p> <p>Табиғат әлемі.</p> <p>Өлі табиғат (жылы, суық су, құрғақ, ылғал құм, домалақ, қатты тас, суық қар) және олармен әрекет ету түрлері (су құю, құм тасу, төгу, жинау, мүсіндеу, қарды домалату, тасты жинау, қалау) туралы түсініктерді қалыптастыру, олармен ойнау және эксперимент жасау.</p>
Сурет салу	Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды умаждамау, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасау.
Мүсіндеу	Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану.
Жапсыру	Қазақтың ұлттық ою-өрнектерін орналастыру.
Құрастыру	Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау.
Музыка	<p>Музыка тыңдау.</p> <p>Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау.</p> <p>«Ақ мамам» Е.Хасанғалиев; «Бөбектер әні» К.Қуатбаев; «Ақсақ құлан» халық күйі; «Қосалқа» Дәулеткерей.</p> <p>Өн тыңдау.</p> <p>Өнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және</p>

	<p>ырғақты дұрыс жеткізу. "Мерекенмен анашым" Б.Қыдырбек; "Төлдер" Б.Ғизатов; "Наурыз – біздің жаңа жыл" Ж.Қалжанова; «Қосалқа» Дәулеткерей.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту. «Топ–топ балақан» М.Арынбаев, «Чок да чок» Е. Мокшанцева; «Шөжелерім» Г.Гусейнли, «Қара жорға» (қырғыз халық биі), "Айгөлек" (халық шығармасы); «Домбырамен би» (халық шығармасы).</p>
--	--

Мектепке дейінгі ұйым (білім беру ұйымының атауы)

«Қарлығаш» бөбекжай балабақшасы.

Топ: «Балапан» кіші топ

Балалардың жасы: 2 жастағы балалар

Қандай кезеңге жасалды (айды, жылды көрсету): сәуір, 2025-2026 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сәуір	Дене тәрбиесі	<p><b>Негізгі қимылдар:</b></p> <ol style="list-style-type: none"><li>1) Жүру. Иректелген лентаның бойымен жүру.</li><li>2) Тепе-теңдік сақтау жаттығулары: тақтайдың үстімен 20 сантиметр арақашықтықта орналасқан бірнеше кедергілерден өту</li><li>3) Жүгіру. 30-40 секунд бойына тоқтамай жүгіру.</li><li>4) Еңбектеу, өрмелеу: Ауданы 50x50 сантиметр модульге өрмелеу</li><li>5) Домалату, лақтыру: доптарды бір-біріне домалату.</li></ol> <p>6) Секіру: Қос аяқпен секіруге үйрету.</p> <p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b></p> <ol style="list-style-type: none"><li>1) қол мен иыққа арналған жаттығулар; Қолындағы заттарымен иыққа игізіп, алға және екі жаққа еңкею.</li><li>2) Аяққа арналған жаттығулар; Аяқтың өкшесін алға қою жаттығуы.</li></ol> <p><b>Қимылды ойындар.</b></p> <p>аю сияқты қорбаңдап жүру</p> <p><b>Дербес қимыл белсенділігі:</b></p> <p>бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу.</p> <p><b>Спорттық жаттығулар:</b></p> <p>Велосипед тебу: үш доңгелекті велосипедке отыруға үйрету.</p> <p><b>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру</b></p>

	<p>Тамақ жегенде ауызды жауып шайнауға үйрету.</p> <p><b>Сауықтыру –шынықтыру шаралары:</b></p> <p>Шынықтыру шараларын өткізу кезінде балалардың денсаулық жағдайын ескеру.</p>
Тіл дамыту	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b></p> <p>Дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аударатырып</p> <p><b>Балалардың сөздік қорын:</b></p> <p>Үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын меңгерту</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b></p> <p>Сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b></p> <p>Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату. Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару.</p>
көркем әдебиет	<p>Көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдау.</p>
Сенсорика	<p>Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру.</p>
Қоршаған әлеммен таныстыру	<p><b>Бала, оның отбасы, үйі.</b></p> <p>Баланың мүдделеріне, қажеттіліктеріне, қалауына, мүмкіндігіне құрметпен қарау</p> <p><b>Заттық әлем.</b></p>

	<p>қол жетімді өмірлік жағдайлардың үзінділерін көрсететін</p> <p><b>Көлік:</b></p> <p>Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру</p> <p><b>Еңбекке баулу.</b></p> <p>Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға үйрету</p> <p><b>Адамгершілік тәрбиесі.</b></p> <p>Жақын адамдарының жағдайын эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу</p> <p><b>Табиғат әлемі.</b></p> <p>«Дұрыс», «дұрыс емес», «қауіпті» түсініктерімен, серуенде және сумен, құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерімен (лас суды ішпеу, құмды шашпау, тастарды лақтырмау) таныстыру, өсімдіктер мен жануарларға сүйіспеншілік таныту және қамқорлық жасау.</p>
Сурет салу	Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу.
Мүсіндеу	Олды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру,
Жапсыру	Ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету.
Құрастыру	Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою.
Музыка	<p><b>Музыка тыңдау.</b></p> <p>Балаларды кейбір музыкалық аспаптардың (барабан, бубен, сылдырмақ), оның ішінде қазақ халқының ұлттық</p>

	<p>аспаптарының (асатаяк, сырнай) дыбыстарымен таныстыру.</p> <p>«Гүлдермен би» Т.Вилькорейская; "Төлдер" Б.Ғизатов; "Көктем келді" Б.Бейсенова; "Әлди–әлди" (қаз. халық әні). Ән тыңдау.</p> <p>Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру.</p> <p>"Кәне, қызық ойын бар" К.Қуатбаев; «Жайлауда» Б.Ғизатов; «Топ–топ балақан» М.Арынбаев; «Ақ әжем» К.Қуатбаев.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</p> <p>Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу.</p> <p>«Калинка» (хал.әуені), «Вальс» А.Аренский; "Бала уату" Е.Өміров; "Полька" биі" Б.Сметана; "Көңілді ленталар" Г.Абдрахманова.</p>
--	--

Мектепке дейінгі ұйым (білім беру ұйымының атауы)

«Қарлығаш»\_бөбекжай\_балабақшасы.

Топ: «Балапан» кіші топ

Балалардың жасы: 2 жастағы балалар

Қандай кезеңге жасалды (айды, жылды көрсету): мамыр, 2025-2026 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Мамыр	Дене тәрбиесі	<p><b>Негізгі қимылдар:</b></p> <ol style="list-style-type: none"><li>1) Жүру.Иректелген лентаның бойымен жүру.</li><li>2) Тепе-теңдік сақтау жаттығулары: тепе-теңдік сақтай отырып бір орында баяу айналу</li><li>3) Жүгіру. Жүруден жүгіруге және керісінше ауысуға үйрету.</li><li>4) Еңбектеу,өрмелеу: Ауданы 50x50 сантиметр модульге өрмелеу 5)Домалату,лақтыру: доптарды бір-біріне домалату.</li></ol> <p>6)Секіру: лентадан аттап секіруге үйрету.</p> <p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b></p> <ol style="list-style-type: none"><li>1) қол мен иыққа арналған жаттығулар;Қолындағы заттарымен иыққа игізіп, алға және екі жаққа еңкею.</li><li>2) Аяққа арналған жаттығулар; Аяқтың бақайларын қимылдату (отырып).</li></ol> <p><b>Дербес қимыл белсенділігі:</b></p> <p>бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу.</p> <p><b>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.</b></p> <p>үстел басында дұрыс отыруға үйрету.</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.</b></p> <p>жеке тәсілді жүзеге асыру.</p>

	Тіл дамыту	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b></p> <p>дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау.</p> <p><b>Балалардың сөздік қорын:</b></p> <p>еңбек әрекетін (жуу, суару, құю), қарама-қарсы мәнделес әрекеттерді (ашу-жабу, кию-шешу, алу-салу), адамдардың қарым-қатынасын (құшақтау, көмектесу), көңіл-күйін (қуану, күлу, ренжу) білдіретін етістіктермен;</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b></p> <p>сын есімдерді зат есімнің кәпше түрімен сәйкестендіру.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b></p> <p>Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау.</p>
	көркем әдебиет	Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту.
	Сенсорика	Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру.
	Қоршаған әлеммен таныстыру	<p><b>Бала, оның отбасы, үйі.</b></p> <p>Баланың ересектердің басқа балалар сияқты жақсы көретініне сенім қалыптастыру.</p> <p><b>Заттық әлем.</b></p> <p>көрнекі заттық-ойын әрекеттерін қолдануға үйрету.</p> <p><b>Көлік:</b></p> <p>Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру</p> <p><b>Еңбекке баулу.</b></p>

	<p>Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру.</p> <p>Адамгершілік тәрбиесі.</p> <p>бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне қуануға үйрету</p> <p>Табиғат әлемі.</p> <p>Жолдардағы қауіпсіздіктің қарапайым ережелерін біледі. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру.</p>
Сурет салу	Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу.
Мүсіндеу	Жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету.
Жапсыру	Фланелеграфта геометриялық фигураларды, машиналарды орналастыру
Құрастыру	Құрылыс материалдарының (текшелер, кірпіштер) негізгі пішінін ажыратып, құрастыру
Музыка	<p><b>Музыка тыңдау.</b></p> <p>Балаларды кейбір музыкалық аспаптардың (барабан, бубен, сылдырмақ), оның ішінде қазақ халқының ұлттық аспаптарының (асатаяк, сырнай) дыбыстарымен таныстыру.</p> <p>Ән тыңдау.</p> <p>Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</p> <p>Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды</p>

		бере білу.
--	--	------------